

Шу ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен тәртібін бекіту туралы

Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 443 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 4 қаңтарда № 3276 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына және "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына сәйкес Шу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шу ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен тәртібі осы қаулының 1 – 9 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ержан Қыдырұлы Бегалиевке жүктелсін.


3. Осы қаулы әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Дәулет

Шу ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 28 қарашадағы
№ 443 қаулысына 1 қосымша

Далақайнар ауылындағы жалпы білім беретін Т. Әшімбаев атындағы орта мектебіне оқушыларды тасымалдау схемасы



Шартты белгілері:



- ауыл




- Көктөбе бекеті



- Т. Әшімбаев атындағы орта мектебі




- автобус жүру жолы мен бағыттары



(жалпы ұзындығы 4 км)

Шу ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 28 қарашадағы
№ 443 қаулысына 2 қосымша

Көктөбе ауылындағы жалпы білім беретін Жамбыл атындағы орта мектебіне оқушыларды тасымалдау схемасы



Шартты белгілері:




- ауыл



- Бірлік бекеті




- Жамбыл атындағы
орта мектебі



- автобус жүру жолы мен бағыттары
(жалпы ұзындығы 3 км)


Шу ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 28 қарашадағы
№ 443 қаулысына 3 қосымша


**Шу қаласы жалпы білім беретін А. С. Макаренко атындағы орта мектебіне
оқушыларды тасымалдау схемасы**




Шартты белгілері:

 - «Күмөзек» бекеті


 - А.С. Макаренко атындағы
орта мектебі

 - автобус жүру жолы мен бағыттары

 (жалпы ұзындығы 15 км)


Шу ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 28 қарашадағы
№ 443 қаулысына 4 қосымша


Бәйдібек ауылындағы жалпы білім беретін М. Мәметова атындағы орта мектебіне оқушыларды тасымалдау схемасы






Шартты белгілері:

 - ауыл


 - бөген шаруашылығы

 - М.Мәметова атындағы
орта мектебі

 - автобус жүру жолы мен бағыттары
 (жалпы ұзындығы 8 км)


Шу ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 28 қарашадағы
№ 443 қаулысына 5 қосымша

Мойынқұм ауылындағы жалпы білім беретін Мойынқұм орта мектебіне оқушыларды тасымалдау схемасы



Шартты белгілері:




- ауыл



- Мойынкүм орта мектебі



- автобус жүру жолы мен бағыттары




(жалпы ұзындығы 15 км)




Шу ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 28 қарашадағы
№ 443 қаулысына 6 қосымша


Тасөткел ауылындағы жалпы білім беретін Т. Рысқұлов атындағы орта мектебіне оқушыларды тасымалдау схемасы






Шартты белгілері:

 - Аспара бекеті


 - ауыл

 - Т.Рысқұлов атындағы
орта мектебі





  - автобус жүру жолы мен бағыттары
 (жалпы ұзындығы 4,5 км)

Шу ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 28 қарашадағы
№ 443 қаулысына 7 қосымша

Шу қаласы жалпы білім беретін Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебіне оқушыларды тасымалдау схемасы




Шартты белгілері:





-  - «Аң шаруашылығы» елді мекені
-  - Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі
-  - автобус жүру жолы мен бағыттары
-  (жалпы ұзындығы 8 км)

Шу ауданы әкімдігінің
 2016 жылғы 28 қарашадағы
 № 443 қаулысына 8 қосымша

Белбасар ауылындағы жалпы білім беретін Ш. Уалиханов атындағы орта мектебіне оқушыларды тасымалдау схемасы



Шартты белгілері:

-  - ауыл
-  - су қоймасы
-  - Ш. Уалиханов атындағы орта мектебі
-  - автобус жүру жолы мен бағыттары (жалпы ұзындығы 13 км)

Шу ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 28 қарашадағы
№ 443 қаулысына 9 қосымша

Шу ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Шу ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген.

2. Тасымалдаушыға және автокөлік құралдарына тасымалдау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде қойылатын талаптар

1. Балаларды тасымалдау осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

2. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар

3. Балаларды жаппай тасымалдауды және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдауды тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайда ғана орындауы мүмкін.

4. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауды қамтамасыз ететін тасымалдаушы жүргізушілердің еңбек және демалысын ұйымдастыру қағидасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ тахографтарды және мынадай жағдайларды ескере отырып:

маршруттар бойынша ұзақтығы 12 сағатқа дейін бір жүргізушімен, 12 сағаттан жоғары екі жүргізушімен;

маршруттар бойынша ұзақтығы 16 сағаттан артық жүргізушілердің және жолаушылардың кем дегенде 8 сағат толыққанды демалу үшін (қонақ үйлерде, кемпингілерде және т. б.) жағдайларды қамтамасыз етуді ескере отырып, жүргізушілердің жұмысын ұйымдастырады.

5. Автомобиль көлігімен балаларды тасымалдау (экскурсиялық және туристіктен басқа) жолда 4 сағаттан артық болған кезінде және басқа көліктермен балаларды жеткізуді ұйымдастыру мүмкін болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

3. Автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

6. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі

Заңының 13-бабының 23-10)-тармақшасына сәйкес автомобиль көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілетін Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесімен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге, гигиеналық нормативтерге және (немесе) техникалық регламенттерге сәйкестігін (сәйкес еместігін) куәландыратын құжатының болуы, сондай-ақ мыналармен:

- 1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;
- 2) сары түсті жылтыр шағын маяғымен;
- 3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);
- 4) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);
- 5) екі жылжуға қарсы тіректермен;
- 6) авариялық тоқтау белгісімен;
- 7) колоннада жол жүргенде – автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен;
7. Балаларды тасымалдауға пайдаланатын автобустарда мыналар болуы қажет: ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс тұрған шығыңқы жерлер болмауы тиіс;
 - жабық жай-күйде жүргізушінің кабинасы мен жолаушы салонына жауын-шашынның түсуін толық болдырмайтын төбе, авариялық люктер және терезелер;
 - берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар;
 - жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртықсыз тыстары;
 - тегіс, шығыңқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жоқ баспалдақтары мен салонның едені;
 - салон еденінің жамылғысы жыртықсыз материалдан жасалуы тиіс; шаңнан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге де заттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары;
 - жылдың суық мезгілінде жылытылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін, құрал сайман және қосалқы бөлшектер тиелмеген жолаушылар салоны
8. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау кезінде

пайдаланылатын автобустар мен шағын автобустардың салондарын ылғалды жинау ауысымда кемінде бір рет және ластану шамасы бойынша жүргізіледі.

9. Сыртқы кузовты жуу ауысымнан кейін өткізіледі.

4. Балаларды тасымалдау тәртібі

10. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

11. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

12. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

13. Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

14. Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

15. Балалардың топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар) тыйым салынады. Тәуліктің 22.00 сағатынан бастап 06.00 сағатына дейін теміржол вокзалдарына және әуежайларға және олардан, сондай-ақ жақын арадағы демалыс орнына (қонатын жерге) дейін жолда кідіріп қалған кезде балаларды тасымалдауға рұқсат етіледі.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

16. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

17. Балаларды жаппай тасымалдауға және алыс жерлерге балаларды тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу

пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын; отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде қашықтықта орналасуы тиіс.

18. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру ұйымдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын (16 жастан жоғары) белгілеуге жол беріледі).

19. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға тыйым салынады:

- 1) сағатына артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;
- 6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.